

**«Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы ветеринария және биотехнология
жоғары колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау
нәтижелері бойынша талдау анықтамасы
2025 жылғы 01 маусымнан – 2026 жылғы 01 маусым кезеңі бойынша**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес: «Мемлекеттік органдар, ұйымдар және квазимемлекеттік сектор субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды», сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, «Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы ветеринария және биотехнология жоғары колледжі» МКҚК (бұдан әрі — ВжБЖК) директорының 2026 жылғы 28 сәуіріндегі № 110-Ө бұйрығы негізінде жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізді.

Талданатын қызмет кезеңі: 01.06.2025ж. - 01.06.2026ж.

Ақмола облысы әкімдігінің 2024 жылғы 13 маусымдағы № А-6/270 қаулысымен бекітілген «Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы ветеринария және биотехнология жоғары колледжі» МКҚК Жарғысы (бұдан әрі - Жарғы) бар.

«Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы ветеринария және биотехнология жоғары колледжі «МКҚК қызметінің мәні оқу бағдарламаларының қолданбалы бакалаврларының білікті кадрларын даярлауға бағытталған техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

«Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы ветеринария және биотехнология жоғары колледжі «МКҚК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау барысында келесі анықталды:

1. Бағыт бойынша - колледж қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

1.1. Ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Жұмыс тобы «Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы ветеринария және биотехнология жоғары колледжі» МКҚК өз қызметінде басшылыққа алатын Кодекстерді, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады.

Талдау жүргізу барысында ВжБЖК қызметі және оған қатысты нормативтік-құқықтық актілер (Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі, Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидалары, колледж Жарғысы, ұжымдық шарт, лауазымдық нұсқаулықтар және басқа да НҚА) қаралды.

Талданып отырған кезеңде колледж оқу-өндірістік жұмыс желісі бойынша келесі бұйрықтар әзірледі:

негізгі қызмет бойынша -128 акт,

жеке құрам бойынша – 129 акт,

іс сапарлар –45 акт,

демалыс - 82 акт.

Колледж бойынша бұйрықтар жүйеленген сипатта болады және күнтізбелік жылдың басынан бастап соңына дейін нөмірленеді. Барлық бұйрықтар бұйрықтың қолданылуы мен мазмұнын реттейтін нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес шығарылды. Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша әкімшілік-басқару қызметкерлерінің өз қалаларуы бойынша шешім

қабылдауына ықпал ететін, жеке тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруы кезінде кедергілер жасауға ықпал ететін бұйрықтар, нормативтік құқықтық актілерді ерікті түсіндіруге мүмкіндік туғызатын құқықтық олқылықтар анықталмаған. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы анықталмаған.

2. Екінші бағыт бойынша – ВЖБЖК ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

2.2. Қызметкерді басқаруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Штат саны 116 штат бірлігін құрайды. Барлық қызметшілер лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

Кадрлардың ауысымдылығын талдау көрсеткендей, 2025 жылғы 01 маусымнан 2026 жылғы 01 маусымға дейінгі кезеңде ҚР Еңбек кодексінің 49-бабы 5-тармағына сәйкес 70 еңбек шарты жасасып, 41 еңбек шарты (қызметкердің қалауы бойынша) бұзылған. Қызметкерлердің жеке істері; жоғары немесе техникалық және кәсіптік білім алғанын растайтын құжаттар (дипломдар) және біліктілік берілуі тексерілді.

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің ақпараттық-анықтамалық есептеріне сәйкес, қызметкерлердің жеке істерінде соттылығының жоқтығы және жасалған құқық бұзушылықтар үшін жауаптылыққа тартылғаны туралы мәліметтердің жоқтығы туралы анықтамалар бар.

Тексеру барысында барлық қызметкерлер тиісті салалардың уәкілетті органдарының белгіленген нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес біліктілік талаптарына сәйкес келетіні анықталды.

Тәртіптік практиканы талдау барысында 2025 жылғы 01 маусымнан 2026 жылғы 01 маусымға дейінгі кезеңде ҚР Еңбек кодексінің 64-бабына сәйкес (өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін) 13 тәртіптік жаза қолданылғаны анықталды, оның ішінде: 6 – ескерту; 4 – сөгіс; 3 – қатаң сөгіс. Негіздеме және растаушы құжаттар бар. Ағымдағы кезеңде кадр мәселелері бойынша шағымдар түскен жоқ.

Жұмыскерлерді жұмысқа қабылдау және жұмыстан шығару кезінде директор Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексін, сондай-ақ ұжымдық шартты қатаң басшылыққа алады.

Сондай-ақ қызметкерлердің жеке істері Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 26-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген шектеулердің жоқтығы тұрғысынан тексерілді. Бұл шектеулер кәметке толмағандардың қатысуымен білім беру, тәрбиелеу және дамыту, демалыс пен сауықтыру ұйымдастыру, дене шынықтыру және спорт, медициналық қамтамасыз ету, әлеуметтік қызметтер көрсету, мәдениет және өнер саласындағы ұйымдарға мынадай қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін соттылығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауға ұшыраған немесе ұшырап отырған адамдарды (ҚР Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларының негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда) жұмысқа орналастыруға жол бермеу бөлігіне қатысты: кісі өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халықтың денсаулығына және имандылыққа қарсы, жыныстық тиіспеушілікке қарсы, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы.

Ішкі талдау барысында лауазымды тұлғалар үшін қолданыстағы заңнамада белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулер мен тыйымдардың бұзылуы анықталған жоқ. Қызметтік тергеу нәтижелері бойынша лауазымнан төмендетулер мен босатулар анықталмаған.

3. Үшінші бағыт бойынша - мемлекеттік қызмет көрсетумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес (ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2020 жылғы 5 ақпанда № 19982 болып тіркелген) білім беру ұйымында 10 мемлекеттік қызмет көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтерді талдау барысында «Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы ветеринария және биотехнология жоғары колледжі» МКҚК-да тексерілетін кезеңде колледж келесі мемлекеттік қызметтерді көрсеткені анықталды:

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне, атап айтқанда азаматтардың жекелеген санаттарына, сондай-ақ қорғаншылықта (қамқорлықта) және патронаттағы адамдарға тегін тамақтандыруды ұсыну бойынша колледж 64 мемлекеттік қызмет көрсетті;
- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру, колледж 91 мемлекеттік қызмет көрсетті;
- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру - колледж 12 мемлекеттік қызмет көрсетті;
- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау, колледж 283 мемлекеттік қызмет көрсетті;
- Білім алушыларды білім беру ұйымдарының, колледждердің типтері бойынша ауыстыру - 5 мемлекеттік қызмет көрсетті;
- Білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгілері бойынша қалпына келтіру - 13 мемлекеттік қызмет;
- Техникалық-кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру - 1 мемлекеттік қызмет;
- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыстар беру - 9 мемлекеттік қызмет;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау, колледж - 4 мемлекеттік қызметкер көрсетті;
- Білім туралы құжаттар туралы мәліметтерді өзектендіру (түзету) - 0 мемлекеттік қызмет.

Тексеру кезеңінде колледж барлығы 482 мемлекеттік қызмет көрсетті, оның ішінде:

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы - 8;

«Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызметтер - 55;

қағаз нұсқасында көрсетілген мемлекеттік қызметтердің саны - 198;

көрсетілетін қызметті берушінің ақпараттық жүйелері арқылы электрондық нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер - 221.

Білім беру саласындағы барлық мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

Колледжде мемлекеттік қызмет көрсету бойынша жауаптылар:

колледж директоры – Жансеитова А.С.;

директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Бекова Ф.Н.;

директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Абельдинова А.М.;

оқу-әдістемелік кабинеттің меңгерушісі – Задорожная В.А.;

Мемлекеттік қызмет көрсететін барлық тұлғалар мемлекеттік қызмет көрсету бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау кезінде көрсету тәртібі, компьютерлік техниканың техникалық сипаттамалары, мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде нормативтік-құқықтық базаның сақталуы, мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша курстардан өткені туралы сертификаттардың болуы қаралды.

Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі мемлекеттік стандартқа сәйкес келеді.

Қызмет көрсету көбінесе электронды түрде көрсетіледі, бірақ ерекше жағдайларда колледж мемлекеттік қызметті қағаз түрінде көрсетеді.

Талдау барысында «Білім беру ұйымдарының түрлері бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметінің кіші түрін көрсету

кезінде, көрсетілетін қызметті алушыдан eGov электрондық үкімет порталы арқылы «Білім беру ұйымдарының түрлері бойынша білім алушыларды қайта қабылдау» туралы өтініштер түскен кезде, қызметті алушы тіркеген жекелеген қосымшалар қызметті берушінің ақпараттық жүйесінде дұрыс бейнеленбеуі немесе толық көлемде көрінбеуі мүмкін екендігі анықталды. Бұдан бөлек, құжаттардың жекелеген электрондық көшірмелерінің сапасын, толықтығын және оқылуын нақты тексеру мүмкіндігі жоқ. Сондай-ақ қызметті алушы тарапынан құжаттар пакеті толық болмаған немесе оларды жүктеу кезінде техникалық қателер кеткен жағдайда, қызметті берушіге бұл туралы автоматты хабарламаның түспеу тәуекелі бар.

Аталған мән-жайлар келесі жағдайды туғызады:

- құжаттар жиынтығы толық болмаған жағдайда шешім қабылдау;
- ұқсас өтініштерді қарау кезінде субъективті көзқарас;
- мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту;
- көрсетілетін қызметті алушыларға іріктелген және бірдей емес тәсіл;
- белгіленген тәртіптен тыс өтінішті «пысықтау» үшін көрсетілетін қызметті алушы мен жауапты қызметкер арасында тікелей байланыс туындаған;
- өтініштерді жедел қарау немесе оң шешім қабылдау кезінде бейресми жәрдемдесу үшін алғышарттар жасау.

Тәуекелдің туындау себептері: eGov порталы мен колледждің ішкі ақпараттық жүйелері арасында толық интеграцияның болмауы; тіркелген файлдарды көрсетудің техникалық шектеулері; құжаттар топтамасының толықтығын автоматтандырылған тексерудің болмауы; тексерудің жекелеген кезеңдерін қолмен орындау; өтінімді қарау кезінде қызметкердің іс-қимылына сандық бақылаудың болмауы.

Ұсынымдар: анықталған тәуекелдерді жою және осы мемлекеттік қызметті көрсету процесінің ашықтығын арттыру үшін келесі шаралар қабылдау ұсынылады:

- бекітілген құжаттардың толықтығын міндетті түрде автоматты түрде тексеруді қамтамасыз ету;
- көрсетілетін қызметті беруші жүйесінде қоса берілген файлдардың толық тізбесін көрсету функциясын енгізу;
- көрсетілетін қызметті алушыны құжаттардың оқылмайтындығы немесе жоқтығы туралы автоматты түрде хабардар етуді көздеу;
- көрсетілетін қызметті алушы мен колледж қызметкері арасындағы тікелей байланысты барынша азайту;
- бас тартулардың және өтініштерді қайтарудың мерзімді ішкі мониторингін жүргізу.

Қызмет көрсету мерзімдерін бұзу фактілері және мемлекеттік қызмет көрсетуден негізсіз бас тарту фактілері тіркелмеген. Құжаттарды қарау кезеңдерінің көп рет және қайталануы алынып тасталды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негізсіз негіздер туындаған жоқ. Сапаға, қызметкерлерге немесе қызмет көрсету мерзіміне қатысты келіп түскен шағымдар болған жоқ.

3.1. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс:

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер.

Көрсетілетін қызметті алушылар үшін барлық қажетті ақпарат, мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттары мен ережелері колледждің <https://pt0002.burabay.aqmoedu.kz/> ресми интернет-ресурсында «Мемлекеттік қызмет көрсету» бөлімінде үш тілде - мемлекеттік тілде, ұлтаралық қарым-қатынас тілінде және ағылшын тілінде орналастырылған.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер қағидалары колледждің ақпараттық стендтерінде де орналастырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін колледжде кедергісіз орта құрылған: пандустар, шақыру түймелері, көру қабілеті бұзылған адамдар үшін тактильді сызықтар, мүгедектігі бар және мүмкіндіктері шектеулі адамдардың автомобильдеріне арналған тұрақ, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар адамдар үшін бейімделген санитариялық тораптар бар.

3.2. Мемлекеттік қызмет көрсету процестерін жетілдіру жөніндегі қызмет.

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін оңтайландыру және автоматтандыру нәтижелері.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету және мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру мақсатында 2020 жылдан бастап білім беру ұйымында ҚР БҒМ МҚ ЖБЖ (ҚР Білім және ғылым министрлігінің мемлекеттік қызметтер жұмыс істеуінің автоматтандырылған жұмыс орны) жүйесі жұмыс істейді, онда 3 мемлекеттік қызмет қолжетімді.

Бұдан басқа, «College Smart Nation» ақпараттық жүйесінде 7 мемлекеттік қызмет автоматтандырылған. Колледж мемлекеттік қызмет көрсету кезінде Қазақстан Республикасының қатаң заңнамасын және Мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларын басшылыққа алады.

Ұсыным: қағаз жеткізгіште мемлекеттік қызметті ұсынуды барынша азайту, ал одан әрі болдырмау, көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушы арасындағы тікелей байланысты болдырмау.

3.3. Бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау

«Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы ветеринария және биотехнология жоғары колледжі» МКҚК қызметті насихаттау мақсатында, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу мақсатында колледждің жеке сайтында Instagram сияқты әлеуметтік желілерде осы бағыттарды жариялау бойынша жұмыстар белсенді жүргізілуде: <https://pt0002.burabay.aqmoedu.kz/>. Әрбір жазылушының өз пікірін еркін нысанда айтуға мүмкіндігі бар. Ақпарат беруге және жауап беруге тыйым салу немесе кедергілер жоқ.

Масс-медиа мониторингі мен әлеуметтік желілердегі пікірлерді жауапты тұлғалар күн сайын қадағалап отырады. Қажет болған жағдайда толық жауап беріледі. 2025 жылғы жұмыс жоспарына сәйкес студенттік топтарда «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл», «Жастар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыптық әңгімелесулер, конкурстар, викториналар, «ҚР-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманың негіздерімен танысу», «Кез келген көрініске нөлдік шыдамдылықты қалыптастыру» тақырыптық сағаттары өткізілді сыбайлас жемқорлықтың себептері» атты бейнеролик көрсетілді.

Колледж студенттері сыбайлас жемқорлықтың барлық көріністеріне нөлдік төзімділікті қалыптастыруға бағытталған акцияларға, іс-шараларға, конкурстарға белсенді қатысады.

3.4. Бюджет және қаржы қаражатын негіздеу және бөлу:

Колледжде бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу Қазақстан Республикасының бюджет кодексіне сәйкес бюджеттік бағдарламалардың нысаналы көрсеткіштері мен индикаторларына қол жеткізу үшін мекеме жасаған бекітілген бюджеттік өтінімдерге сәйкес ағымдағы қаржы жылына бөлінген бюджет қаражатына сәйкес жүргізіледі. Бөлінген қаражатты игеру қатаң түрде мақсатты тағайындалуы бойынша жүзеге асырылады. Бұзушылықтар анықталған жоқ. Негізгі құралдарды, бейматериалдық активтерді және тауарлы-материалдық қорларды түгендеу Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 169 «Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүргізіледі, барлық нәтижелер түгендеу ведомостарына енгізілген және есепті жыл ішіндегі мекеменің балансын жасау кезінде ескерілген. 2025 жылғы түгендеу нәтижелері уақтылы ұсынылды, жетіспеушілік немесе артықшылық анықталған жоқ, ескертулер жоқ.

Жұмыс уақытын есепке алу табельдері Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 79-бабына сәйкес өз уақытында жасалады. Жұмыс уақытын есепке алудың барлық табельдерін мекеме басшысы бекітеді және айына 1 рет, жалақы төленетін күні және есепті айдың қорытындысы бойынша есепші бөліміне жіберіледі. Жұмыс уақытын есепке алу табельдері қызметкерлердің нақты жұмыс істеген уақытын, нақты жұмыс істемеген уақытын, еңбек

демалысын, демалыс және мереке күндерін көрсетеді. Табельдер жалақыны есептеуге арналған ресми құжат болып табылады.

Жұмыс уақытының табельдерін жасау кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ, жұмыс істелмеген жұмыс уақыты бойынша барлық ілеспе құжаттар (аурухана парақтары, анықтамалар, бұйрықтар) толық көлемде бекітілген. Бұзушылықтар мен ескертулер жоқ.

3.5. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізу. Жеке және заңды тұлғалармен мемлекеттік сатып алу шарттарын жасасу.

Басқарма мемлекеттік сатып алуды ҚР 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Заңының нормаларына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүргізеді.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу мемлекеттік сатып алудың веб-порталы арқылы электрондық форматта жүргізіледі және өнім берушімен кез келген тікелей байланысты болдырмайды. Шарттарды жасасудың тек электрондық форматта болуы веб-порталда сатып алынатын тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер бойынша толық әрі нақты ақпаратты қалыптастыруға және олардың орташа сатып алу бағаларын анықтауға мүмкіндік берді. Электрондық шарттарды және мемлекеттік сатып алуды жеңілдету мен ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар басқа да нормаларды енгізу сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайтады.

Басқарманың барлық мемлекеттік сатып алулары бекітілген жылдық жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік сатып алу бойынша жұмысты орындау үшін колледжде тиісті білімі және біліктілігін арттыру курстары бар, атап айтқанда, тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша мемлекеттік сатып алу жөніндегі менеджер, штаттық қызметкер О.Ю. Красноусова жүргізеді.

Колледждегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды талдау, сондай-ақ нормативтік құжаттарды зерделеу барысында колледж ішінде бюджеттік және қаржылық қаражатты игеру және бөлу жөніндегі жұмыс орталықтандырылып, есеп саясаты қағидаттарына негізделгені анықталды.

Талданатын кезеңде тауарларды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру нәтижелері бойынша мынадай тәсілдермен 410 шарт жасасылды:

- негіздемелік келісімді пайдалана отырып, конкурстың екінші кезеңі – 0 шарт;
- баға ұсынысын сұрату – 200 шарт;
- шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен колледж 127 шарт жасасты;
- өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден алу тәсілімен колледж 65 шарт жасасты;
- электрондық дүкен – 25 шарт;
- алдын ала біліктілік іріктеуі бар конкурс – 0 шарт.

Тексерілетін кезеңде шарттар тек «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (шарттардың 100%) сәйкес, конкурс өткізу, баға ұсыныстарын сұрату және т.б. жолымен жасалды, Мемлекеттік сатып алуды заңсыз жүргізу фактілері анықталған жоқ. Ішкі мемлекеттік аудит органдары тарапынан сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне байланысты хабарламалар берілмеген. Жауапты лауазымды тұлғалар мемлекеттік сатып алу туралы жасалған шарттардың орындалуына тұрақты негізде мониторинг жүргізеді.

Жеткізушінің ақы төлеу мәселелері ерекше бақылауда тұр, жеткізілген тауар, көрсетілген қызметтер, орындалған жұмыстар үшін ақы төлеу шарттың орындалуына қарай жүзеге асырылады, аванс тәсілімен шарттар бойынша ақы төлеу көзделмеген, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жолы кесілген. Жауапты тұлғалар түгендеу және есепке алуды жүргізеді.

Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауына талдау жүргізу кезінде анықталған жоқ, жауапты тұлғалар өз қызметінде «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңын және өзге де нормативтік-құқықтық актілерді қатаң басшылыққа алады.

Тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу жөніндегі шарттарды жасасу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу фактілері анықталған жоқ.

4. Төртінші бағыт бойынша - ұйымдық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің көрінісі.

4.1. Сот-талап-арыз жұмысы:

«Ақмола облысы білім басқармасының жанындағы ветеринария және биотехнология жоғары колледжі» МКҚК-да сот-талап жұмыстарын колледждің заңгері жүзеге асырады. Іс жүргізу құжаттарын, атап айтқанда талап арыздарды, өтініштерді дайындау кезінде колледж ҚР Конституциясын, ҚР Кодекстерін, Жоғарғы Соттың нормативтік қаулыларын, бейінді заңдарды басшылыққа алады.

Аталған кезеңде «Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы ветеринария және биотехнология жоғары колледжі» МКҚК өнім берушілерге қатысты оларды мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушылары деп тану туралы сотқа 3 талап арыз берді, 2 талап арыз қанағаттандырылды, жауапкерлерден жалпы сомасы 810 633 (сегіз жүз он мың алты жүз отыз үш) теңге мөлшерінде тұрақсыздық айыбы өндірілді.

4.2. Жасырын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді анықтау:

Жасырын мемлекеттік қызметтерді талдау нәтижелері бойынша анықталмаған.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындылары бойынша келесі қорытындылар жасалды:

Жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижесінде алынған барлық ақпаратты бағалай отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігі мен «Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы ветеринария және биотехнология жоғары колледжі» МКҚК-дағы құқық қолдану практикасының жай-күйі қанағаттанарлық жағдайда деген қорытындыға келді.

Ұсынымдар:

Ішкі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдаудың нәтижелерін басшылыққа ала отырып, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің өсуіне төзбеушілік ахуалын қалыптастыру мақсатында жұмыс тобы ұсынады:

- сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауын талдау бойынша ішкі мониторингті жүйелі негізде жүргізуге;

- қадағалау, фискалдық, құқық қорғау органдары мен қоғамдық бірлестіктерді тарта отырып, семинарлар, дөңгелек үстелдер, тренингтер өткізу жолымен қызметкерлер мен студенттер арасында колледжде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жөніндегі жұмысты жалғастыру;

- көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушінің тікелей байланыс жасау қатерін болдырмау мақсатында азаматтарға арналған электрондық үкімет порталы немесе Корпорация арқылы баламалы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер санын барынша азайту;

- электрондық мемлекеттік қызметтерді танымал ету бойынша тұрақты негізде түсіндіру іс-шараларын жүргізу, жауапты қызметкерлерді тарта отырып, білім беру мекемелерінің, ұйымдарының қызметін регламенттейтін нормативтік-құқықтық актілерді зерделеу бойынша сабақтар, тренингтер өткізу;

- осы әлеуетті өнім берушінің өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдауға құқығы бар не тапсырыс берушінің немесе мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының өкілдері болып табылатын жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе бірінші

